Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумақтары арқылы өтетін транзиттің тәртібі туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 10 сәуір N 547

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1999 жылғы 4 маусымда Минск қаласында жасалған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумақтары арқылы өтетін транзиттің тәртібі туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Ресми куәландырылған мәтін

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумақтары арқылы өтетін транзиттің тәртібі туралы КЕЛІСІМ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын, үкіметтер тұлғасындағы осы Келісімге қатысушы мемлекеттер,

1993 жылғы 24 қыркүйектегі Экономикалық одақты құру туралы Шарттың ережелерін, 1995 жылғы 10 ақпандағы Достастық мемлекеттері басшыларының Кеңесі Шешімдерімен қабылданған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер кеден заңдарының Негіздерін, сондай-ақ 1994 жылғы 15 сәуірдегі еркін сауда аймағын құру туралы Келісімде және 1999 жылғы 2 сәуірдегі оған өзгерістер мен толықтырулар туралы Хаттамада, 1994 жылғы 15 сәуірдегі кеден істеріндегі ынтымақтастық және өзара көмек туралы Келісімде бекітілген принциптерді басшылыққа ала отырып,

өзінің транзит еркіндігі принциптеріне берілгендігін қуаттай отырып,

кеден рәсімдерін сәйкестендіру жолымен тауарлардың халықаралық

транзиттік тасымалдауларын оңайлатуға көмек көрсетуге ниет білдіре отырып,

халықаралық транзиттік тасымалдаулардың шарттарын жақсарту ынтымақтастықты дамытудың негізгі факторларының бірі болып табылады деп санай отырып,

мына төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісім тауарлар мен көлік құралдары транзитінің Тараптар аумақтары арқылы өтетін транзитінің тәртібін анықтайды. Осы Келісімнің мақсаттары үшін 1995 жылғы 10 ақпандағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер кеден заңдарының Негіздерімен анықталған терминдер қолданылады.

2-бап

Тараптардың аумақтары арқылы транзитпен тасымалданатын тауарлар:

өзгеріссіз жағдайда қалуы тиіс, табиғи тозу немесе тасымалдаудың және сақтаудың қалыпты жағдайлары кезіндегі кему салдарынан болған өзгерістерден басқа;

транзиттен өзге қандай да болмасын басқа мақсаттарда қолданылмауы;

тауарды тасымалдаушы көлік құралының, белгіленген бағыттың және тасымалдаудың басқа шарттарының мүмкіндіктерінен туындай отырып, белгіленген кеден органына жөнелтуші кеден органымен белгіленген мерзімдерде жеткізілуге тиіс.

3-бап

Тараптар:

осы Келісімге қатыспайтын мемлекеттерден Тараптың кеден аумағына басқа

Тараптардың кеден аумақтары арқылы транзитпен әкелінетін;

Тараптың кеден аумағынан басқа Тараптардың кеден аумақтары арқылы осы Келісімге қатыспайтын мемлекетке транзитпен әкетілетін;

Тараптар арасында басқа Тараптардың кеден аумақтары арқылы транзитпен тасымалданатын көлік құралдары мен тауарларға кеден баждары мен салықтары салынбайды.

Аталған тауарларға және оларды тасымалдаушы көлік құралдарына экономикалық саясат шаралары қолданылмайды (квоталауды, лицензиялауды, максимал және минимал бағаларды белгілеуді, сондай-ақ ұлттық экономиканың әлемдік шаруашылықпен өзара іс-әрекеттерін реттейтін басқа шараларды қосатын тауарларды әкелуге және әкетуге шектеулер).

4-бап

Тараптардың ұлттық заңдарымен транзитіне тыйым салынған тауарлардың жекелеген түрлерінің тізбелері, олардың транзиті үшін Тараптардың уәкілетті органдарының арнаулы рұқсаттарын алу талап етілетін тауарлардың жекелеген түрлерінің тізбелерін белгілеуі мүмкін.

5-бап

Тауарлардың және оларды тасымалдаушы көлік құралдарының кеден шекарасын қиып өтетін орындары, сондай-ақ оларды басқа көлік құралдарына қайта тиеу орындары, соның ішінде ұлттық заңдарға сәйкес партиялардың бөлшектенуімен, аумағы арқылы транзит жүзеге асырылатын Тараптың кеден органымен анықталады.

Тараптардың кеден аумақтары бойынша тауарлардың тасымалдануы, егер Тараптардың ұлттық заңдарымен өзге белгіленбеген болса, кез-келген маршруттар мен бағыттар бойынша жүзеге асырылады.

Апат немесе жеңуге мүмкін емес күш жағдайларының туындау себебі бойынша транзитті тоқтату жағдайында тасымалдаушы транзитті тоқтату болған аумақ Тарабының ұлттық заңдарымен белгіленген нормаларды басшылыққа алады.

6-бап

Тараптардың кеден органдары сәйкестендірудің ұлттық құралдарын, сондай-ақ тауарлар мен оларды тасымалдаушы көлік құралдарын бақылау үшін қажетті құжаттарды өзара мойындайды.

7-бап

Осы Келісімді жүзеге асыру мақсатында Тараптар өздерінің кеден органдарына оның күшіне енген күнінен бастап 3 айлық мерзімде:

а) алмасуды:

тауарлар мен оларды тасымалдаушы көлік құралдарының ұлттық шекараларды кесіп өтетін орындардың тізбелерімен;

олардың кеден аумақтары арқылы әкелуге, әкетуге және транзитіне тыйым салынған тауарлардың тізбектерімен;

тауарлар мен оларды тасымалдаушы көлік құралдары үшін қажетті сәйкестендіру құралдарының, құжаттардың үлгілерімен;

әкелу, әкету және транзит Тарабының уәкілетті органдары беретін рұқсаттар болған кезде әкелуге, әкетуге және транзитіне жол берілетін тауарлардың тізімдерімен;

б) осы баптың "а" тармағында аталған құжаттардағы кез-келген өзгерістер мен толықтырулар туралы бір-біріне осындай өзгерістер мен/немесе толықтыруларды қабылдаған күннен бастап бір айлық мерзімде хабарлауды;

в) тауарларды кедендік алып жүруге алынатын алымдардың көлемін анықтау

принциптерін қоса, тауарларды кедендік ресімдеу және кедендік алып жүру ережелерін сәйкестендіру жөніндегі ұсыныстарды дайындауды тапсырады.

8-бап

Тауарлар транзитін қамтамасыз ету жөніндегі құралдар мен қызметтер транзит мемлекетінде экспорттаушыларға, импорттаушыларға немесе тасымалдаушыларға осы құралдар мен қызметтер ұлттық экспорттаушыларға, импорттаушыларға немесе тасымалдаушыларға берілетіндерден кем емес жағдайларда беріледі.

Тараптың кеден аумағындағы транзит кеден режимін реттейтін заңдылық тең мөлшерде экспорттаушыларға, импорттаушыларға және тасымалдаушыларға - резиденттер сияқты, бейрезиденттерге таралады.

9-бап

Осы Келісіммен реттелмеген және Тараптардың кеден аумақтары арқылы

тауарлар мен оларды тасымалдаушы көлік құралдарын тасымалдаумен байланысты мәселелер олардың ұлттық заңдарына сәйкес шешіледі.

Осы Келісімді қолдануға немесе пайымдауға байланысты даулы мәселелер мүдделі Тараптардың уәкілетті органдарының кеңестері немесе келіссөздері жолымен шешіледі.

10-бап

Тараптардың келісуімен осы Келісімге Хаттамалармен ресімделетін және осы Келісімнің 12-бабында қарастырылған тәртіпте күшіне енетін өзгерістер

мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

11-бап

Осы Келісім оның мақсаттары мен принциптерін бөлісетін Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің мұндай қосылу туралы тиісті құжаттарды депозитарийге беру жолымен барлық Тараптардың келісімімен қосылуы үшін ашылған.

12-бап

Осы Келісім оған қол қойған Тараптардың барлық қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы үшінші хабарды депозитариге сақтауға тапсырған күнінен бастап күшіне енеді.

Мемлекетішілік рәсімдерді кешірек орындаған Тараптар үшін ол тиісті құжаттарды депозитариге тапсырған күнінен бастап күшіне енеді.

13-бап

Осы Келісім оның күшіне енген күнінен бастап 5 жыл мерзімге жасалады. Бұл мерзім өткеннен кейін, егер Тараптар өзге шешім қабылдамаса, Келісім автоматты түрде келесі 5-жылдық мерзімге созылады.

Тараптардың кез-келгені Келісімнен бұл туралы депозитариге шығуға

дейін 6 айдан кешіктірмей жазбаша хабар жіберумен, осы Келісімнің іс-әрекет уақыты кезінде туындаған міндеттемелерді алдын-ала реттеумен шыға алады.

1999 жылғы 4 маусымда Минск қаласында түпнұсқалық бір данада орыс тілінде жасалды. Түпнұсқа дана осы Келісімге қол қойған әр мемлекетке оның куәландырылған көшірмесін жіберетін Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқару комитетінде сақталады.

Әзірбайжан Республикасы Үкіметінің атынан

Молдова Республикасы Үкіметінің атынан

Армения Республикасы Үкіметінің атынан

Ресей Федерациясы Үкіметінің атынан

Беларусь Республикасы Үкіметінің атынан

Тәжікстан Республикасы Үкіметінің атынан

Грузия Үкіметінің атынан

Түрікменстан Үкіметінің атынан

Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан

Өзбекстан Республикасы Үкіметінің атынан

Қырғыз Республикасы Үкіметінің атынан

Украина Үкіметінің атынан

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумақтары арқылы өтетін транзиттің тәртібі туралы Келісімге Әзербайжан Республикасының ЕСКЕРТПЕСІ

1. Әзербайжан Республикасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумақтары арқылы өтетін транзит тәртібі туралы Келісімде айтылған құқықтар, міндеттемелер мен ережелердің ешқайсысы Әзербайжан Республикасымен олар үшін Әзербайжан Республикасының аумағы бастапқы, транзиттік немесе соңғы

аумақ болып табылатын оның аумағы арқылы өтетін тасымалдауларға қатысты қолданылмайды.

2. Әзербайжан Республикасы осы ескертпенің 1-бабының ережесін

кез-келген уақытта өзгерту немесе алып тастау құқығын өзіне қалдырады және басқа Тараптарға кез-келген мұндай өзгерістер немесе алып тастаулар туралы жазбаша түрде хабарланады.

Әзербайжан Республикасы
Премьер-министрінің
бірінші орынбасары

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумақтары арқылы өтетін транзиттің тәртібі туралы Келісімге
Беларусь Республикасының
ЕСКЕРТПЕСІ

8-баптың бірінші абзацы алынып тасталсын.

"ТМД-на қатысушы мемлекеттердің аумақтары арқылы өтетін транзиттің тәртібі туралы" Келісімнің жобасына
Грузияның ерекше пікірі

4-баптағы: "Ұлттық заңдармен..." сөздерінен кейін "және халықаралық міндеттемелермен..." сөздері қосылсын, бұдан әрі мәтін бойынша.

ТМД-на қатысушы мемлекеттер үкіметтері басшыларының Кеңесі мәжілісі күн тәртібінің III-2 тармағы бойынша
Украинаның ескертпесі

"Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумақтары арқылы өтетін транзиттің тәртібі туралы Келісім туралы"
1999 жылғы 4 маусым

"Украина аумағы арқылы өтетін акцизделетін тауарлардың транзиті ұлттық заңдарға сәйкес жүзеге асырылады".

Украина делегациясының басшысы,

Украинаның Премьер-министрі

Ұсынылып отырған мәтін 1999 жылғы 4 маусымда Минск қаласында болған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы үкіметтері басшыларының Кеңесі мәжілісінде қабылданған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумақтары арқылы өтетін транзиттің тәртібі туралы Келісімнің сәйкес көшірмесі болып табылатындығын куәландырамын.

Атқару комитетінің Төрағасы -
Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының
Атқарушы хатшысы

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК